



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

II КНИГА



РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Қуанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



УДК 37.02
ББК 74.00

5) Мектепті басқару моделі (қоғамдық-мемлекеттік нысаны, оқу жоспарын реттеуде мектеп автономиясының жоғары деңгейі);

6) Барлық қызығушылық танытқандармен әріптестік принциптергенегізделген достық жағдайдағы білім беру ортасының болуы;

7) Балалардың оқытудағы және тәрбиелеудегі ата-аналардың белсендірөлі.

Отбасы баланы ерте жасынан рухани құндылықтарға, тиімді және жемісті өмір сүруге баулуы қажет. Халықаралық зерттеулердің талдауы бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығының деңгейіне ата-аналардың оқыту мен тәрбиелеу процесіне араласуының оң әсер ететінін көрсетті. Және тағы бір факторлардың бірі баланың жан-ұя ресурстарының: ата-ананың білім деңгейі, олардың кәсіптік қызметтері, үйдегі кітап қоры, интернетке кіру мүмкіндігі, балалардың өз бөлмесінің болуы да әсер етеді. Сонымен қатар, балалардың функционалдық сауаттылығына, олардың дамуы мен жетістіктеріне теріс іс-қимылдары әсер етеді [6, с. 20].

Баланың функционалдық дамуына әсер тигізуші ата-ана деп есептейтін болсақ, онда ата-аналарды мектептің өміріне белсенді араласуын көздейтін іс-шаралар ұйымдастырылуы қажет.

Ойын еркін айтатын, сын тұрғысынан ойлауға бейім, интеллект қабілеті дамыған, өмірде өз орнын таба алатын тұлғаны қалыптастыру тек мектептің ғана емес, ата-ана, қоғамның да жауапты ісі.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Послание Президента Республики Казахстан – Лидера нации Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства». 14.12.2012. 4-пункт
- 2 Государственная Программа развития образования Республики Казахстан 2011-2020 годы от 7 декабря 2010 года. (Переход на 12-летнюю модель образования)
- 3 Национальный план действий по развитию функциональной грамотности на 2012-2016 годы. 2 пункт.
- 4 Компетенции в образовании: опыт проектирования: сб. науч. тр. / Под ред. А.В. Хуторского. – М.: Научно-внедренческое предприятие «ИНЭК», 2007. – 327 с.
- 5 Перминова Л.М. Минимальное поле функциональной грамотности (из опыта С.-Петербургской школы) // Педагогика. 1999. – №2. -26-29 с.
- 6 Перминова Л.М. Функциональная грамотность/ неграмотность как социально-педагогическое явление. – М., 2003.-8 с.

ӨОЖ 374.7

ҰСТАЗДЫҚ – ҰЛЫҚ ІС» («ПЕДАГОГ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ» ЗАҢ НЕГІЗİNДЕ)

Алимбаева Айбала Абдулкаримовна
дене шынықтыру пәнінің мұғалімі
Әулікөл бастауыш мектебі
Әулікөл, Қазақстан
Тилеубай Азира Асхатовна
педогог-логопед, педагогикалық ғылымдар магистрі
Әулікөл бастауыш мектебі
Әулікөл, Қазақстан
Муканова Гульшат Шариповна
тәрбиеші
Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының
Әулікөл ауданы білім бөлімінің
«Новожезин «Балдәурен» бөбекжайы» МКҚК
Новожезин, Қазақстан

Аңдатпа

Мақалада мұғалім мамандығының маңызы, оның қоғамдағы орны мен мәртебесі тәңірегіндегі өзекті мәселелер қарастырылған. Мұғалімнің жауапкершілігі мен міндеттері айқындалған. Оқушыға тәлім-тәрбие берумен қатар білімді тоқуды меңгертуде мұғалімнің рөлі маңызды. Жұмыста ойшылдардың еңбектері және «Педагог мәртебесі туралы» заң туралы пайымдаулар жасалған.

Түйін сөздер: ұстаз, педагогтік әдеп, «толық адам», еңбек, «Үздік педагог», мәртебе

Аннотция

В статье рассматриваются актуальные проблемы значения профессии учителя, ее места и статуса в обществе, определяются ответственность и обязанности учителя. Наряду с воспитанием, важна роль учителя в овладении знаниями учеников. В работе изложены труды мыслителей и рассуждения основных принципов Закона «О статусе педагога».

Ключевые слова: *учитель, педагогическая этика, «нравственный человек», труд, «Лучший учитель», статус.*

Abstract

The article discusses the actual problems of the meaning of the teacher's profession, its place and status in society, defines the responsibility and duties of the teacher. Along with education, the role of the teacher in mastering the knowledge of students is important. The work presents the works of thinkers and the reasoning of the basic principles of the Law "On the status of a teacher".

Key words: *teacher, pedagogical ethics, work, «Best Teacher», status.*

Қазіргі қарыштап дамыған заманда әр мамандықтың маңызы бар. Бірақ, қай заманда болсын жаңашылдық пен үздіксіз дамуды талап ететін бір мамандық ол әрине – Ұстаздық! Иә, шынымен де ұстаздық – бар мамандықтың төресі. Әбу Насыр Әл-Фараби «Ұстаз... жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын... алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі..., мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ..., жұрттың бәріне... жақсылық пен ізгілік көрсетіп...қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек» [1,365] – деген еді. Яғни, қай елдің болмасын болашағы – сол елдің ұстаздарының қолында. Ұстаз қаншылықты өз жұмысына жауапты әрі білімді болса, сол елдің болашағы жарқын болмақ. Себебі, елге қызмет етер әр азамат ұстаз алдынан білім алып шығады. Сол білімін тиісті дәрежеде көрсете алады. Осы тұста осы ұлы мамандықтың маңызын түсініп жүрміз бе деген сұрақ туындайды. Себебі ұстаз мамандығы үлкен жауапкершілік пен төзімді талап етеді. Неліктен жауапкершілік деген сұраққа жоғарыда жауап бердік. Ұстаз мамандығына тек қана ақша табу жолы деп қарамау керек. Тұтас бір елдің, жұрттың болашағын тәрбиелеп, қалыптастырып отырмын деп қарау дұрыс деп ойлаймыз.

Ұстаз беделі қоғамның айнасы дегіміз келеді. Қоғам айнасының таза болу үшін ұстаздардың әлеуметтік те, рухани да бай болуы керек. 2019 жылы елімізде «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылданды. Заң 19 баптан тұрады. Әр баптың мән-маңызы зор десек қателеспейміз. Себебі, ұстаздардың кәсіби біліктілігін арттыру жолдары, олардың материалдық жағдайы, адал еңбегінің жемісін ынталандыру жағы да қарастырылған.

Мұғалімдер заңда көрсетілген 5-бапты жаттап алса артық етпейтін еді.

5-бап. Педагогтік әдеп

1.Педагогтік әдеп заңдылық, адалдық, жауапкершілік, жеке адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу қағидаттарына негізделеді [2]. Жалпы қазақ ұғымындағы әдеп, адалдық, ар-намыс, қадір-қасиет ұғымдары үлкен мәнге ие екені баршамызға аян. Осы қасиеттерді бойына сіңірген ұстаз, әрине, алдында отырған оқушыларға адамгершіліктің, парасаттылықтың, имандылықтың, даналықтың дәнін бойларына егетіні сөзсіз.

Осы тұста Хакім Абайдың «толық адам» ілімінің мән-маңызын әр пән мұғалімі жетік меңгергені абзал. Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек осы үш ұғымды әр қазақ түсінуі керек.

2.Педагогтік әдепті бұзу тәртіптік теріс қылық болып табылады және педагогті Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік жауаптылыққа алып келеді [2].

Әрине, пенде болғасын кемшіліксіз адам болмайды. «Жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ жоқ» дегендей белгілі-белгісіз себептермен мұғалімдік жолға адасып келіп қалғандар, ұстаздықтың қадір-қасиетін төмендетіп жүргені анық. Бұл мәселе де заңнан қалыс қалмапты, заңда белгіленген нормалар бойынша жауапкершілікке тартылады.

Иә, жасыратыны жоқ кейде ұстаздардың өздері өз жұмысының маңызын түсінбей жатады. Бұл мамандықтың мәртебесін түсіретіндер де осылар. Мұғалім болған соң ұстаз атына сай болуға тырысу керек.

«Адамның адамшылығы – жақсы ұстаздан» деп [3], Абай атамыз айтқандай, жақсы ұстаз алдынан өткен адам, болашақта жақсылығын көрсетері анық. Сондықтан, ұстаздыққа тек жұмыс ретінде қарамай, жақсы ұстаз болуға, ұстаз есіміне сай болға тырысу керек.

Әр еңбек адамының жұмысы, атқарған ісі, жүріп өткен өнегелі ғұмыры бағалануы керек. Осы тұста заңның тоғызыншы бабында нақты көтермелеу жолдары көрсетілген. Атап айтар болсақ, «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасы, «Үздік педагог», «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» аталымдар бойынша марапаттар мен қаржылай гранттар көрсетілген.

Осындай нақты істер ұстаз мәртебесінің өсуіне, қоғам алдындағы беделінің жоғарлауына септігін тигізетіні шындық.

Заңның ең ұтымды жері, әрі жаңалығы десек артық айтқандық емес, 13-бапта көрсетілген тәлімгерлерді бекіту туралы. Тәлімгерлерді бекіту тәртібі:

«Орта білім беру ұйымында кәсіптік қызметіне алғаш рет кіріскен педагогке бір оқу жылы кезеңіне тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагог бекітіліп беріледі [2]. Тәлімгерлікті жүзеге асырғаны үшін педагогке Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қосымша ақы төленеді» делінген.

Капиталистік қоғамда әр істеген жұмысын үшін ақы төленуі керек. Бұл нарықтық экономиканың заңдылығы. Осы ретте тәлімгерлікке үстеме ақы төлеу жас маманға, ұстаздықты таңдағанына өкіндірмейтін іс екеніне септігін тигізетін атап айтқанымыз жөн.

Мұғалім мәртебесі – мемлекеттің мәртебесі. Неліктен жас жігіттер мұғалім мамандығына келмейді. Әлеуметтік желіде жер-жердегі мектептегі ұл балалардың төбелесіп жататын бейнелері белең алып кетті. Бұл білім ошақтарындағы ер мұғалімдердің азайғанын аңғартады. Соңғы жылдары педагог мәртесін көтеруге көптеген игі істер атқарылып келетінен көңіліміз толады. Дейтұрғанмен, мұғалімнің жауапкершілігі оның өз мамандығына деген сүйіспеншілігінен, өз мамандығына деген құрметінен деп білеміз.

XXI ғасыр білім, ғылымның уақыты. Білімді ұрпақ, білікті ғалым, ақылды адам, тәрбиелі бала т.б. осы сынды тіркестер біз қолданамыз. Ал осы тіркестердің пішінін көреміз де, ішкі мазмұнына бойлап жатырмыз ба, деген сауалға жауап іздеп көрдік пе? Осы тұста ұстаздың атқаратын еңбегінің орасан екені айқын көрінеді.

Мемлекет пен мемлекеттің арасында шекаралар болғанымен, мәдениеттер арасындағы шекаралардың бұзылып бара жатқан тұста, ұлттық болмысымызды сақтап қалу маңызды. Осы тұста да мұғалімнің атқаратын қызметінің салмағы артпаса азаймайды. Сондықтан, әр ұстаз алдында отырған оқушының көңілінен шыға біліп, оның талғамының жөнделуіне, нағыз тұлға дәрежесіне жеткіземін деп жұмыс істесе, оқытушы еңбегінің жанғаны деп білем.

«Жас бала – жас бір шыбық. Жас күнінде қай күйде иіп тастасаң, өскенде сол иілген күйінде қатып қалмақ. Теріс иіліп қалған шыбықты артынан түзейміз десең, сындырып аласың. «Баланы бастан» деген сіздің мәнісі осы. Тәрбие деген – баланы бетке қақпай, бетімен жіберу емес. Яки отырса басқа, тұрса аяққа ұрып, көр бала қылып өсіруде емес. Баланы тәрбие қылу – тұрмыс майданында ақылмен, әдіспен күресе білетін адам шығару деген сөз. Қалса өзін, асса барлық адам баласын әділ жолмен өрге сүйрейтін ер шығару деген сөз. Тұрмыста түйінді мәселелерді тез шеше білетін, тұрмыстың тұңғыық теңізін қалың қайратпен кеше білетін, адалдық жолға құрбан бола білетін, қысқасы, адамзат дүниесінің керек бір мүшесі бола алатын төрт жағы түгел кісі қылып шығару. Баланы мұндай адам қыла алу үшін тәрбиеші бар күшін, бар білімін жұмсап, жалықпай, шаршамай үйрете білуі керек» [4.154], – дейді Мағжан Жұмабайұлы.

Қай заманда да қоғамды жетелейтін, алға қарай дамытатын ұстаздар, ғалымдар. Әр тұлға өзі еліктейтін, өзі ұсағысы келетін адамдар болады. Бұл үрдіс көне замандардан бері үзілмей келе жатқан табиға заңдылық. Бұған дәлел Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік, Ахмет Йүгнекидің «Ақиқат сыйы», әл-Фарабидің «Қайырымыды қала тұрғындары» т.б. еңбектерінде насихаттайды. Басшы бойында қандай қасиеттер болу керек, ұстаздар нені дәріптеу керек деген секілді сан түрлі сауалдарға жауап алатынымыз рас.

Адам бойына тәрбиені әлбетте ата-анасы дарытады. Уақыт өте келе, жасы өскен сайын өзін қоршаған ортасы яғни, балабақша, мектеп, колледж, ЖОО және тағы да басқа әлеуметтік институттар адамды тәрбиелеуге ықпал жасайды. Ал, сол көптеген жақсылы, жаманды әсер етуші факторлардан дұрысын таңдап бойыңа сіңіруді үйрену үшін, әрине, білімнің алатын орны орасан зор. Алып жатқан білімнің дұрыс-бұрысын анықтап беретін ұстаз.

Ұстаз жайлы Ахмет Йүгнекидің «Ақиқат сыйы» туындысында білім-ғылым жайлы мәселе өте ұтымды қозғалған.

«Уа, дос, өзіңді білімдіге жақын тұт.

Бақыт жолы білім арқылы білінеді.

Білім ал. Бақыт жолын ізде» [4.348].

Бақытқа жетудің жолы білімде деп айтуының себебі, көзі ашық, көкірегі ояу адамның жақсы мен жаманды ажырата білуінде. Бүгінгі біз өмір сүріп жатқан қоғамдағы адамдарды білімсіз деп айтуымыз мүлдем қате болар еді. Өйткені елімізде сауатсыз адамдар жоқтың қасы. Әрине, сауатты мен білімді адамды салыстыруға болмайтын шығар. Сауатын ашқан адам, әрине, білім жолына бет бұратыны да ақиқат. Бұл жердегі мәселе сауат ашуға дейін алған тәрбиесіне байланысты болып тұр. Тәрбиесіз де білімді меңгере беруге болады, бірақ, ол адам бақытқа жете алмайды. Білімсіз де тәлім-тәрбиені бойына сіңіре беруге болады. Ал, бұл жағдайда бақытқа жетуге мүмкіндік бар. Бірінші жағдайда бақытқа жеттім деп өз-өзін алдауы және шын бақытты түсінбеуі мүмкін. Қанша дегенмен де, білім мен тәрбиені егіз деп

қарастырған тұста қоғам ізгіленеді. Бұл екеуінің бір-бірінсіз күні жоқ десе де болады. Жеке тәрбиенің өмір сүруі мүмкін бірақ, тәрбиесіз алған білім құр тәрбиені жұтып жіберері хақ.

«Білім сияқты пайдалы өзге нәрсе бар ма?

Білімнің арқасында ғылым жоғары көтерілді.

Білім жоқ адам төмен құлдырады.

Білім ал, салғыртсынбай үйрен, Алланың елшісі:

«Білім кімде болса – соны ізде», – дейді [4.348].

Барша адамзаттың ұстазы атанған Әбу Насыр әл-Фараби «Қайырымды қала» еңбегінде: «Адамның өмір сүру мақсаты ең жоғарғы бақытқа жету болатын болса, ол адам бақыт дегеннің не екенін білуі қажет, және оны өзінің мақсаты етіп қойып, соған ұмтылуы қажет. Сонан кейін ол бақытқа жету үшін не істеуге тиіс екенін біліп соған әрекет жасауы керек. Әртүрлі индивидтердің түрліше қасиеттерінің айтылғанынан мынадай айқын қорытынды шығады: білуі тиіс болған (нәрселер) мен бақытты кез келген адам біле бермейді. Бұл нәрсе кезкелген адамға бітетін қасиет емес. Ол үшін (екінің бірінде) ақылгөй ұстаз керек. Кейбір кісілер азын-аулақ қана басшылықты керек етеді, басқа бір адамдар – көп басшылықты қажет етеді. Бірақ басшылықтың бұл екі түрі болғанның өзінде ол адам, егер сырттан итермелеуші, немесе талпындырушы болмаса, үйреткен, берілген ақылдың бәрін бірдей орындай бермейді. Бұл жағдай адамдардың көпшілігіне тән нәрсе. Сондықтан ол осының бәрін үйрететін және тиісті амалдарды орындауға итермелейтін адамдарға зәру болады [5.409], – деп жазады. Өмір ағысына қарсы, қалыптасқан қасаң қағидаларды бұзып, өркениеттік жолға жетелеуші тұлғаға қоғам әрқашан зәру.

Адам бақытқа жетелейтін ұстазға мұқтаж. Адам баласы дүние есігін білсем екен, үйренсем екен деп дүние есігін ашады. Оған үйрететін адамның болғаны керек. Алғашында бұл миссияны ата-анасы орындайды, бүгінгі қоғам көзімен айтсақ балабақшадағы тәрбиеші, мектептегі мұғалім, колледж, ЖОО оқушылар адам баласына ұстаздық қызмет атқарады. Жалпы өмірдің өзі ұстаз десек те болады. Бұл жөнінде ұлы ойшыл балай деп жазады. Адамның өмір сүру мақсаты ең жоғарғы бақытқа жету болатын болса, ол адам бақыт дегеннің не екенін білуі қажет және оны өзінің мақсаты етіп қойып, соған ұмтылуы қажет. Сонан кейін ол бақытқа жету үшін не істеуге тиіс екенін біліп соған әрекет жасауы керек.

Әртүрлі индивидтердің түрліше қасиеттерінің айтылғанынан мынадай қорытынды шығады: білуі тиіс болған нәрселер мен бақытты кез келген адам біле бермейді. Бұл нәрсе кез келген адамға бітетін қасиет емес. Ол үшін ақылгөй ұстаз керек.[5,409]

Ұстаз басқаға үйретіп жол көрсетеді. Басқа адамға ұстаз болу әр адамның қолынан келе бермейді және тиісті әрекетті жасауға итермелеуші болу қабілеті ді әрбір адамда бола бермейді. Осы нәрселердің біріне итермелеуші болуға немесе оны өзге адамға жеткізе білуге мүлдем қабілетсіз адам ешбір жағдайда ұстаз бола алмайды. Мұндай адам тек біреудің басшылығында болады. Ал енді бір жағдайларда ұстаз етіп жетелеуші болуға және оны осы ретте пайдалануға қабілетті адам соны өздігімен істей алмайтындарға осы мәселеде ұстаз болады. Осыған өздігімен жете алмайтын адам, егер соның өзіне ұстаз болып, оны осы жолда пайдаланады. Міне, мұндай адам өзі біреулерге басшы болып әрі өзі біреулердің басшылығында болады [6.346].

Итермелеуші немесе белгілі бір мәселе төңірегінде өзге адамға жеткізе білуге қабілетсіз адамдардың бүгінгі таңда билікте отырғаны ақиқат. Ол заманда бүгінгідей жағдай болмауынан немесе ойшыл айтып отырған нәрсе заңдылық күінде қабылданған, яғни солай болу керек деген мағынада. Қабілетсіз адам билікке келсе, қарамағына да қабілетсіздерді жинауы анық дүние. Өйткені қарамағындағылар өзінен асып кетпеуін көздеген басшы, өзінен озғандарды ығыстыратыны да шындық.

Сөз басындағы айтылған ҚР «Педагог мәртебесі туралы» заңында қозғалған мәселлер көне тарих бедерлерінде қатталып қалған ұлы тұлғалардың еңбектерінен көре аламыз.

Ұрпақ сабақтастығы әркез маңызды екенін аңғаруымызға болады. Ұлы Абай «Алдыңғы толқын – ағалар, артқы толқын – інілер, кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер» [3,59] – деп, жырлағандай бір бірінен нәр алып, бір бірінен сабақтасып өріліп жатқан ұстаздықтың беделі, абыройы әркез ерекше назарда болуы шарт. Сондықтан да тұлғаның «толық адам» болуы өзінің еліктеген ұстазына байланысты. Осы жауапкершілікті сезінген мұғалім, нағыз ұстаз.

«Алты алаштың баласы бас қосса, төр – мұғалімдікі» [7,37] деп, ақын Мағжан Жұмабаев айтқандай елімізде қабылдаған «Педагог мәртебесі туралы» заңның қабылдануы ұстаздардың төрдегі орны босамағандығының айғағы деп білеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Massaget сайты https://massaget.kz/okushyilarga/mekter_omiri/58936/
2. Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000_293
3. Абай Қара сөз. Книга слов. – Алматы: Атамұра, 2020. – 200 бет.
4. Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 6-т.; Қожа Ахмет Иассауи. Даналық кітабы. Ахмет Йүгнеки. Ақиқат сыйы/ құраст.: А. Әлібекұлы, С. Дәуітұлы, Б. Сағындықұлы. – Алматы: Таймас, 2008. – 488 б.
5. Әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары/ Құраст.: Ә. Нысанбаев, Ғ. Құрманғалиев, Ж. Сандыбаев. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. 656 бет.
6. Қазақ ахартушыларының философиясы. Жиырма томдық, 10 том – Астана: Аударма, 2007. – 472 б.
7. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б..

УДК 376.3

**АУТИСТІК СПЕКТР БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ОЙЛАУ
ҚАБІЛЕТІНДАМУДА НУМИКОН ҚҰРАЛЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

Алипбаева Гульжан Агыбаевна
А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің
аға оқытушы, биология магистрі,
Қостанай қаласы, Қазақстан
E-mail: gulzhanalipbaeva@mail.ru
Едрес Салтанат Нурланқызы
А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің
«6В01901 Арнайы педагогика» білім беру бағдарламасының
4 курс студенті, Қостанай қаласы, Қазақстан.
E-mail: saltanat.yedres@bk.ru

Аңдатпа

Аутистік спектр бұзылысы бар балалар әлеуметтік қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу кезінде қиындықтарға тап болады, сонымен қатар мінез-құлқының, қызығушылықтарының немесе әрекеттерінің шектеулі, қайталанатын үлгілерін көрсетеді. Аутистік спектр бұзылысы бар балалар әдетте бір жасан екі жасқа дейін танылады. Математика күнделікті тұрмыста адам ылғи қолданатын ойлау жүйесі. Арнайы педагогтардың міндеті аутистік спектр бұзылысы бар балаларға күнделікті қарапайым өмірде математикалық есептеулерді қолдана алуға мүмкіндік жасай алуында. Математикалық қарапайым амалдарды үйрену арқылы кез-келген тұрмыстық қарым-қатынастарда еркін өмір сүруге, тәуелсіз болуға жағдай жасайды. Нумикон тәсілі балаға сандардың салыстырмалық мәнін түсіндіруде жиі қолданысқа ие. Екі жүйенің де негізгі ұқсас идеялары бар.

Түйінді сөздер: Аутистік спектр бұзылысы, арнайы педагог, ойлау қабілеті, нумикон құралы.

Аннотация

Дети с расстройством аутистического спектра испытывают трудности в социальном взаимодействии и взаимодействии, а также демонстрируют ограниченные повторяющиеся модели поведения, интересов или действий. Дети с расстройством аутистического спектра обычно распознаются в возрасте от одного до двух лет. Математика-это система мышления, которую человек всегда использует в повседневной жизни. Задача специальных педагогов состоит в том, чтобы дети с расстройствами аутистического спектра могли использовать математические вычисления в обычной повседневной жизни. Изучая простые математические операции, он создает условия для свободной жизни, независимости в любых бытовых отношениях. Подход нумикона часто используется для объяснения ребенку относительного значения чисел. Обе системы имеют схожие основные идеи.

Ключевые слова: Расстройство аутистического спектра, специальный педагог, мышление, инструмент Нумикон.